

## Жалағаш ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 14 қыркүйектегі № 191 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 28 қыркүйекте № 5975 болып тіркелді.

“Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, “Жалағаш ауданының Мақпалкөл ауылын қайта атау туралы” Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 26 қазандағы № 624 қаулысына, Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 26 қазандағы № 67 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2016 жылғы 28 қарашада № 5651 болып тіркелген) және “Жалағаш ауданының Ақарық ауылын қайта атау туралы” Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 14 шілдедегі № 839 қаулысына, Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 14 шілдедегі № 135 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2017 жылғы 31 шілдеде № 5911 болып тіркелген) сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жалағаш ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларына енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жалағаш ауданының әкімі*

*Т. Дүйсебаев*

*“КЕЛІСІЛДІ”*

*“Жалағаш аудандық тұрғын  
үй-коммуналдық шаруашылық,  
жолаушылар көлігі және автомобиль  
жолдары бөлімі” коммуналдық  
мемлекеттік мекемесінің  
басшысы*

*А. Момынтаев*

*14 қыркүйек 2017 жыл*

*“Қызылорда облысының  
жолаушылар көлігі және  
автомобиль жолдары  
басқармасы” мемлекеттік  
мекемесінің басшысы*

*Е. Әбдіқалықов*

*14 қыркүйек 2017 жыл*

*Жалағаш аудандық сайлау  
комиссиясының төрағасы*

*С. Әлиев*

*14 қыркүйек 2017 жыл*

## Жалағаш ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларына енгізілетін өзгерістер

1. Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 09.04.2021 № 74 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2. “Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы” Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 31 қаулысында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылғы 12 наурызда №4910 болып тіркелген, 2015 жылғы 18 наурызда “Жалағаш жаршысы” газетінде және 2015 жылғы 30 наурызда “Әділет” ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген қаулымен белгіленген барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарында:

реттік нөмері 18-жол жаңа редакцияда жазылсын:

“

18	Аламесек ауылдық округінің Есет батыр ауылы	Қ.Әбішев көшесі №24 мекен-жайда орналасқан “Жалағаш аудандық білім бөлімінің №124 орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды
----	---	---

”

3. “Аудандық маңыздағы автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы” Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 24 тамыздағы № 177 қаулысында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 17 қыркүйекте №5137 болып тіркелген, 2015 жылғы 23 қыркүйекте “Жалағаш жаршысы” газетінде және 2015 жылғы 16 қазанда “Әділет” ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген қаулымен бекітілген аудандық маңыздағы автомобиль жолдарының тізбесінде:

реттік нөмері 3 және 4-жолдар жаңа редакцияда жазылсын:

“

3	KND-3	M-32 Самара-Шымкент-Мәдениет-Т.Жүргенов- Жаңаталап-Аққыр	52,59	52,59	52,59
4	KND-4	M-32 Самара-Шымкент-Еңбек-Есет батыр-Жаңадария	37,396	37,396	37,396

”

4. Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 10.08.2021 № 151 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

5. Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 20.02.2019 № 27 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК